



Келісемін:  
«Ақбота» бөбекжайы  
МККК әдіскері  
 Обиюх М.Н.



Бекітемін:  
«Ақбота» бөбекжайы  
МККК басшысы  
 А.Е. Мынбаева.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары

Білім беру ұйымы(балабақша)  
Топ «Ботакан»  
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар  
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.

<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан, санау  5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?»  сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.  Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.  Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.  5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p>
<p>Қоршаған ортаментаныстыру</p>	<p>Заттық әлем  Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.  Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.  Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.  Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың</p>



	<p>кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттықсурет салу. Жеке заттардыжәне бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Сюжеттік сурет салу: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Сәндік сурет салу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>

Мүсіндеу

Заттық мүсіндеу

Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың

Кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:

Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып,

Үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;

Сюжеттік мүсіндеу.

Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге

Қызығушылығын тәрбиелеу.

Сәндік мүсіндеу:

Ұлттықойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының

Желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен

таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету;



Жапсыру		<p>Заттық жапсыру: 2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.</p> <p>Сюжеттікжапсыру: 2) дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p> <p>Сәндік жапсыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімді көрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігіне скере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері мен таныстыру.</p>
Ән -күй		<p>Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөлісуге үйрету, алған әсерлері туралы әңгімелеуге баулу. Әндету дағдыларын дамыту: ре (ми) - ля (си) диапазонында Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту Қоңырауда ойнау тәсілдерді өз бетінше қолдану, ойынның шарттарын сақтау.</p>
Дене шынықтыру		<p>1.Биіктігі 5 см заттың үстінен секіруді үйрету; допты қақпаға домалату дағдысын бекіту.</p> <p>2.Орналастырылған заттардың арасында «жылан» сияқты жорғалай білуге үйрету; 5 см биіктіктегі заттың үстінен секіру техникасын бекіту.</p> <p>3. Допты екі қолмен еденге (жерге) лақтыруды үйрету; реттелген заттардың арасында «жылан» сияқты жорғалау қабілетін бекіту.</p> <p>1.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренелермен жүруді үйрету; допты екі қолмен еденге (жерге) лақтыру дағдысын бекіту.</p> <p>2.Екі аяқпен затқа бас тигізіп секіру техникасымен таныстыру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренелермен жүру дағдыларын бекіту.</p> <p>3.Допты еденге (жерге) лақтырып, қағып алуды үйрету; екі аяқпен затқа бас тигізіп секіру техникасын бекіту.</p> <p>1.Орналастырылған заттардың арасына жүгіре білуге үйрету; допты еденге (жерге) лақтыру және оны қағып алу дағдыларын бекіту.</p>

		<p>2. Допты қашықтыққа лақтыруды үйрету; орналастырылған заттардың арасында жорғалау дағдысын бекіту.</p> <p>3. Тақтамен жүруге үйрету; қашықтыққа лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>1. Допты тік нысанаға оң қолмен лақтыру дағдысын үйрету; тақтайлармен жүруді күшейту.</p> <p>2. 2 метр қашықтықта алға жылжып екі аяқпен секіруді үйрету; оң қолмен тік нысанаға лақтыру дағдысын бекіту.</p> <p>3. Еденге қойылған тақтаймен жорғалауды үйрету, екі аяқпен секіру, 2 метр қашықтықта алға жылжу техникасын бекіту.</p> <p><b>Ашық ойындар.</b> Балалардың ойын ойнау қабілетін дамыту, оның барысында негізгі қозғалыстар (жүру, жүгіру, лақтыру, домалау) жетілдіріледі.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін дамыту.</p> <p><b>Сауықтыру және шынықтыру әрекеттері.</b> Табиғи факторларды - ауаны, күнді пайдалана отырып, қатайту шараларының кешенін жүргізіңіз.</p> <p><b>Денсаулықты сақтайтын технологиялар.</b> Шығармашылық музыкалық гимнастика, тыныс алу жаттығулары, степ-аэробика.</p>
--	--	--